

БӘРІ ДЕ СІЗДЕР ҮШІН!



ҚазҰУ ер-азаматтары көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен барша нәзік жанды аруларды құттықтады.

Тіршілік атаулы ұйқысынан оянып, осынау бір әлем түрленер шақпен тұспа-тұс келетін тамаша мереке қарсаңында ҚазҰУ жігіттері дәстүр бойынша «Бәрі де сіздер үшін» атты мерекелік кеш ұсынып, аруларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Университет ректоры Ғалым Мұтанұлының бастамасымен сегізінші рет өткізіліп отырған концерттің биылғы ерекшелігі – жігіттердің өнерлеріне берілетін баға залдағы көрерменнің қошеметін анықтайтын арнайы «шумомер» құрылғысы арқылы анықталды.

Көңілге жылу сыйлаған мерекелік кеш ҚазҰУ ректорының жүрекжарды құттықтау сөзімен басталды. «Барша нәзік жанды әйелдер қауымын 8 наурыз мерекесімен құттықтаймын! Біздің ҚазҰУ ұжымының басым көпшілігін нәзік жанды арулар құрайды. Әрқашанда тапсырылған жұмысты асқан жауапкершілікпен атқарып, ұжымның береке-бірлігін келтіріп отырған осы әйелдер қауымы. Көгілдір көктемнің шуақты мерекесі баршаларыңызға тек жақсылық, қуаныш, шаттық әкелсін. Ұлағатты аналар барда қоғам да, мемлекет те бақытты болары ақиқат», – деді Ғалым Мұтанов.

Концертте Ғалым Мұтановтың сөзіне жазылған «Жүрек жылуы» және «Сұлулық» атты жаңа әндердің тұсауы кесіліп, көпшілік қауымға ұсынылды. Кафедра менгерушілері Сұлтан Төлеуханов, Берекет Кәрібаев, Болат Әбенев, Дінмұхамет Карпыков әйгілі ән әлемінің падишасы атанған Шәмші Қалдаяқовтың «Ақ бантик» атты әнімен кешті жалғастырды. Философия және политология факультетінің профессоры, акын, ҚазҰУ-дың Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Михаил Пузиков «Ты только меня разбуди» атты жүректен шыққан өлең шумақтарын оқып, көпшіліктің қошеметіне бөленді. ҚазҰУ-дың Агробио лабораториясында қызмет жасайтын Жетес Жамеков адам баласының санасы мен жан-дүниесін ерекше тербеп, бөлек бір ғажап күйге бөлейтін кобыздың қоныр үнімен көпшілікті сүйсіндірді. Сонымен қатар құқықтық жұмыс және әскери-жұмылдыруды қамтамасыз ету басқармасының басшысы Бахтияр Құрманәлиев, ҚазҰУ-дың диагностикалық орталығының директоры Эрнест Калиев пен Имидждік саясат және қоғаммен байланыс департаментінің басшысы Дәурен Дүйсебаев «Певница и саксофон» әнін әуелете орындаса, ұстаздар мен университет қызметкерлері Талғат Әбішов, Бекжан Мейірбаев, Мадияр Үмбетовпен бірге Сосо Павлиашвилидің «Небо на ладони» атты әнін жиналған қауым қосыла шырқады.

Мерекелік концертке ер-азаматтардың ерекше дайындалғаны байқалып тұрды. Сахналық қойылым, безендіру, образға сай

киіну – барлығы да ыстық ықылас пен сыйластықты аңғартты. Филология және әлем тілдері факультетінің аға оқытушысы Төлеген Меркібаевтің италиянша шырқаған әсем әні жиналған қауымды ғашықтардың мекені атанып кеткен Венеция қаласына апарғандай әсер қалдырды. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, нәзік жанды арулардың көңіл-күйінің көтеріңкі болуы үшін бар өнерлерін ортаға салған дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушылары «Біздің жігіттер» әнін шырқап ерекшеленді. Сондай-ақ «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев, ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұқамбетқали Бүркітбаев, ректор кеңесшісі Әмірхан Естаев пен ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабұл Рамазанов және де оқу ісі жөніндегі проректор Асқар Хикметов твист биін билеп, концерт көркін қыздыра түсті.

Бүгінгі ерке қыз – ол ертеңгі бір үйдің түтінін түтетіп, берекесін келтіріп отырар ару ана, келешек ұрпағына үлгі болар ақ жаулықты әже. Оның бойынан сұлулық пен нәзіктіктен бастап, қайтпас қайсарлық, тіпті бауыр еті баласы үшін алмағайып заманда атқа қонып, елі мен жері үшін күресуге даяр жанкештіліктің де табыларына қазақ тарихы дәлелдеп берді. «Алып анадан туады», ізгіліктің бастау бұлағы – ана. Осы орайда жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары – Аманжол Бисенбаев, Дастан Ахметжанов пен Марат Әмірқанов қаншама жылдар жылжып, заман өзгерсе де өз бояуы мен өз құндылығын жоғалтпаған Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» атты әнін орындап, жүректерді тебіртті.

Кеш соңында «шумомер» құрылғысы бойынша «Біздің жігіттер» әнімен ең көп ұпай жинаған дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушылары «Көрермен көзайымы» номинациясын жеңіп алды. ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлық құрамы, факультет декандары мен олардың орынбасарлары, проректорлар мен бөлім басшылары түрлі кейіпке еніп, сері жігіттер би билеп, әннен шашу шашқан тамаша мереке биыл да жоғары деңгейде ұйымдастырылуымен есте қалды.

Көктем – жаңару мен жаңғыру кезені. Арулар да осы көктем мезгілі сияқты сұлулық пен нәзіктіктің, бақыт пен берекенің, тіршілік пен татулықтың белгісіндей. Өзара үйлесімділікпен астақан ерекше кезең еліміз үшін жақсылық пен бақ-берекенің бастауы болғай!

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Кезекті ректорат мәжілісі ҚазҰУ-дың 2017 жылдағы ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметінің қорытындылары және зерттеу университетіндегі ғылыми-инновациялық құрамдасты көбейту жолдарын талқылауға арналды.

«Ғылым – қазіргі қоғамның негізгі қозғаушы күші. Университет ғылыми-зерттеу саласының дамуына барынша жағдай жасауда. Оған дәлел ретінде биылғы жылы 574 жоба іске асырылып, жалпы сомасы 4 млрд. 675 млн. қаржы игерілгендігін айта аламыз», – деді ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабұл Рамазанов.

Жалғасы 2-бетте

Руханиятты сақтау – ЗОР МІНДЕТ

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап. Кітапсыз тәлім-тәрбие мен ілім-білімнің орны бос қалатыны бесенеден белгілі. «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген даналар сөзі тегіннен-тегін айтылмаған. «Кітап маған тақтан да қымбат», – деп көрсеткен Шекспир. Бұл сөзден түйер ойымыз, адамға жан азығы, рухани байлығы бола білген – кітап. Сол себепті оның орны жоғары.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі – кітапта» деген болатын. Осы орайда білім алушы жастарымыздың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, оның рухани құндылықтарын ұғындыру және тілдік қорын дамыту мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүзеге асып отырған «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы игі шара, ізгі бастама болып отыр. Әрине, кітап тандап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмірлік қажетіне жарата білу – әрбір оқырман қауымның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғышарттардың бірі.

«Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі – бейбітшілікті, екіншісі – руханиятты, үшіншісі – табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің болашағы байлаулы» деп Н.Ә.Назарбаев айтпақшы, адамзат баласының өмір сүруіне қажет деп танитын осы үш фактор.

Жалғасы 4-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ТЮРКСКОЕ БРАТСТВО

2-стр.



ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ
ЖОЛ АШТЫ

3-бет



ЗАЧЕМ НУЖНА
ПЕДАГОГИКА НА
МАГИСТРАТУРЕ?

6-стр.



**Ректор КазНУ им. аль-Фараби
Галым Мутанов встретился с
Чрезвычайным и Полномочным
Послом Азербайджанской
Республики в Казахстане
Рашадом Маммадовым.**

Во встрече приняли участие заместитель председателя Ассамблеи народа Казахстана Абилфас Хамедов, представитель Посольства Азербайджана в г.Алматы Рамил Ризаев.

Стороны обсудили вопросы организации совместных учебных программ и научных исследований, повышения квалификации специалистов и академической мобильности.

Приветствуя гостей, Г.Мутанов отметил общие тюркские корни, культурные и исторические ценности между Казахстаном и Азербайджаном. Ректор рассказал о достижениях университета и реализации уникального международного проекта «Формирование граждан добродетельного общества» направленного на распространение среди молодого поколения идей мира, добра и справедливости. Также он отметил, что в КазНУ заложена традиция проведения ежегодных Международных Фарабиевских чтений, которые являются открытой площадкой



по обсуждению актуальных проблем по различным направлениям развития общества.

В свою очередь Чрезвычайный и Полномочный Посол Рашад Маммадов поблагодарил за теплый прием и подробно рассказал о мероприятиях, посвященных празднованию 100-летия Азербайджанской

Республики, а также предложил открыть научно-образовательный центр на базе КазНУ.

Ректор КазНУ поздравил гостей с юбилейной датой и выразил готовность к совместной работе, отметив значимость события для всего тюркского мира.

ПРЕСС-СЛУЖБА

ҚазҰУ-да ««Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудағы геодезияның рөлі» атты І халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар болып өтті.

Цифрлық Қазақстандағы геодезияның рөлі

Семинарға «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» акционерлік қоғамы, Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетінің ГАЖ-технологиясы орталығы және шетелдік навигациялық жүйелерді әзірлеуші әрі өндіруші Shanghai HuaCe Navigation компаниясының және басқа да мемлекеттік кәсіпорындардың өкілдері қатысты.

ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті ұйымдастыруымен өткен шара барысында саланы жаңғырту бағдарламасын табысты жүзеге асыру, ондағы заманауи талаптарға сай келетін стандарттар мен әдістерді дамытуды ел экономикасының нақты секторында жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанның ғылыми-тәжірибелік геодезиялық қоғамдастығын біріктіру жайы талқыға салынды.

Қазіргі таңда цифрландыру мәселесі алдыңғы қатарда тұр. Мемлекеттік бағдарлама бойынша геодезиялық жұмыстар жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардың күшін біріктіре отырып, бірыңғай геодезиялық қоғамдастықты ҚазҰУ-дың «Геоинженерия және табиғатты пайдалануды жобалау» атты ғылыми-зерттеу институтының негізінде шоғырландырып, институттың оқытушы-профессорлары мен ғылыми қызметкерлерінің арнайы біліктілікті арттыру курстарын, геодезия, картография, жерге орналастыру, кадастр, геоинформатика және басқа да мамандықтарға арналған пәнаралық бағдарламаларды құрастыруды ұсынды.

**География және
табиғатты пайдалану факультеті**

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1 -бетте

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС



Сондай-ақ проректор халықаралық ғылыми және білім беру жобалары мен бағдарламаларды қаржыландыру көлемі, косдипломды бағдарлама бойынша білім алушылар, шетелдік мамандарды шақыру, биылғы жылғы ғылыми жарияланымдар, халықаралық ғылыми конференциялар, Start-up компаниялар, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі, халықаралық ынтымақтастық туралы келісімдер саны мен осы сынды басқа бағыттардың пайыздық көрсеткіштеріне тоқталып өтті.

Сонымен қатар жиында QS Subject Ranking-те философия және саясаттану факультетінің кафедраларын алға жылжыту бойынша жол картасы туралы педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі Нұрсұлу Алғожаева баяндама жасады.

Оның айтуынша, жаңа оқу жылынан бастап ағылшын тілінде білім беру бағдарламасын іске асыру жоспарлануда. Бұл ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары санын арттыруға бағытталған. Сондай-ақ ол шетелдік әріптестермен бірлесіп мақалалар жариялау, шетелдік студенттерді тарту, ағылшын тіліндегі контингентті және косдипломды білім беру бағдарламалары санын өсіру мәселелеріне назар аударып, кафедра ғалымдарының еңбектерін импакт-факторлы Thomson Reuters және Scopus-та индекстелетін «Springer» рейтингтік журналында ғылыми мақалалар санын арттыру бойынша оқытушыларға міндеттер жүктелгенін атап айтты.

«Университетіміздің бәсекеге қабілеттілігін көтеруде, қоғамдағы имиджін қалыптастыруда және студенттер мен оқытушылардың ағылшын

тілінде академиялық коммуникативтік икемділіктің дамуына жағдай жасауда шетел ғалымдарын шақыру білім алушылардың хабардарлығын дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан да біз биылғы жылы Еуропа және басқа да елдерден шетелдік профессорларды шақыруды жоспарлап отырмыз», — деді дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі Айнұр Құрманалиева.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі Гүлнар Нәсімова барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспардағы оқу-әдістемелік жұмыс, академиялық ұтқырлық, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттарындағы негізгі мәселелерге баса назар аударды. Жоспарға сәйкес оқыту үдерісі мен оқыту сапасын бақылау мақсатында барлық пәндердің жоспарланған кестеге сай өтуіне назар аударған меңгеруші ағылшын тілінде оқытылатын пәндер санын көбейту мен QS Subject ғылыми бағыттарының рейтингісінде алға жылжу үшін халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажеттігін айтты.

Жиын соңында университет фотографы Марат Жүнісбеков Қазақстанның сыртқы саяси бағытын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталып, баяндама жасаған басқа да кафедра меңгерушілері болашақта кафедраның белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жол карталарын ұсынып, өзге де өзекті мәселелер талқыға түсті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Шығыстану факультетінде түркі халықтарының ақыны, дара тұлға Қайсын Кулиевтің шығармашылығына арналған «Түркі даласының ұлы ақыны» атты дөңгелек үстел өтті.

Шараны шығыстану факультетінің деканы Ықтияр Палтөре ашып, ақын шығармашылығына тоқталды. Кездесуге арнайы келген ҚР Мәдениет министрлігінің өкілі шығыстанушы-ғалым Асқар Тұрғанбаев: «Түрксой ұйымының мақсаты — түркі тілдес халықтар мен ұлыстар арасында достық қарым-қатынас орнатып, ортақ түркі мәдениетін, тілін, тарихын, өнерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін зерттеу және насихаттау болып табылады. Осы тұрғыда өткен жылы қараша айының бірінде Нальчик қаласында малқар ақынының 100 жылдығы аталып өткен болатын. Бұл шара 7-8 желтоқсанда Бакуде, кейін Қырғызстанда өз жалғасын тапты», — деді .

Шара соңында ақынның «Тәңірімнің қылышы» атты аудармасы мен «Бұл таулар тұрғанша» деп аталатын екі кітабының тұсаукесер рәсімі өтіп, шарадан рухани азық алған студенттер ақын жырларын жатқа оқыды.

Шығыстану факультеті

Халықаралық қатынастар факультетінің дипломатиялық аударма кафедрасы Сүлеймен Демирел университетінде Халықаралық аударма және мәдениетаралық қатынастар қауымдастығымен (Гамбург университеті, Германия) бірге халықаралық аудармашылар семинарын өткізді.

Семинарды гуманитарлық және педагогикалық ғылымдар факультетінің деканы PhD доктор, Азамат Ақбаров ашты. Өз кезегінде ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінің деканы, з.ғ.д., профессор С.Ж.Айдарбаев құттықтау сөз сөйлеп, семинарға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Семинар спикері Хамбург (Германия) университетінің профессоры Жюлиан Хауз бірнеше шеберлік сағатын өткізді. Қазақстандық аудармашы-сарапшылар да өз тәжірибелерін ортаға салды. Семинар қатысушылар үшін қызықты әрі аса пайдалы болды.

Дипломатиялық аударма кафедрасы

Түрксой кафедрасының оқытушы-профессорлық құрамы факультет деканы Ы.Палтөре мырзаның бастауымен Алматыдағы халықаралық Түркі халықтары мәдени қоры ұйымында болып қайтты.

Аталмыш қор оқытушылар мен студент, магистрант, докторанттардың бас қосып, сұхбаттасатын жері болмақ. Кездесуде мәдени қордың кітапхана мен электрондық базасын пайдаланып, қазақ және түрік тілдерімен қоса басқа да туысқан түркі тілдері туралы тиынақты деректер жинайтын, интернет-телевизия арқылы Түркиядағы әріптестерімен ғылыми, мәдени ақпарлар алмасатын, қор жанынан жарияланатын «Түркі әлемі» газетінде өз туындыларын жариялау мүмкіншілігіне ие болатын мәдени және ғылыми ошақ болу мүмкіндіктері атап айтылды. Кафедра тәлімгерлері мен білімгерлері өз ойларын ортаға салып, нәтижесінде Наурыз мейрамын бірлесе өткізу, «Түркі әлемі» газетіне бірге мақалалар жариялау келісілді.

Е.З. ЕСБОСЫНОВ,
Түрксой кафедрасының доценті м.а.

**ҚазҰУ-да Марбург университетінің профессоры Торстен Бонакердің қатысуымен
«Аймақтық және этно-конфессионалдық қақтығыстар» атты семинар өтті**

Елбасының биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын мұқият оқып шықтым. Бұл Жолдауда Қазақстанның технологиялық, экономикалық, әлеуметтік салалардағы өрлеу кезеңіндегі алға қойылған міндеттері анықталған. Қазақстанның болашақ алар асуларының негізін халқымыз бұл Жолдауда дұрыс түсінді және жақсы қабылдады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің барлық Жолдауларында еліміздің 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын жүзеге асыруда. Жүз нақты қадам Ұлт жоспары аясында индустрияландыру, конституциялық және еліміздің үшінші рухани жаңғыруы елімізде қарқынды жүргізілуде.

Биылғы Елбасының төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуы туралы Жолдауы бұрынғылармен сабақтас және еліміздің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Білім беру саласында қызмет ететін болғандықтан, Жолдаудың жетінші білім саласын жетілдіруге арналған тарауы біздерге

Жаңа мүмкіндіктерге жол ашты

көп ой салды. Мұнда білім беру саласын жақсарту үшін өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет екендігі көрсетілген. Президент орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу, оны 2021 жылы аяқтауды ұсынып отыр. Ол үшін жана бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар мен кадрлар дайындау мәселелеріне көңіл бөлу қажет екені көрсетілген. Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау туралы да айтылған. Еліміздің университеттерінде педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажеттілігі нақты көрсетілген. Осы орайда ҚазҰУ-да осы Жолдауда көрсетілген білім-ғылым сапасын көтеруге бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейтуге назар аударылып отыр. Білім беру мекемелерінде бәсекелестікті арттырып, жеке капиталды тарту үшін қала мекемелерінде жан басына катысты келешекте қаржыландыру еңгізілетіндігі анықталған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев жастарға қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеру арқылы Қазақстанның болашағы айқындалатынын тілге тиек етті. Президентіміз жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларында жастарға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту керектігін алға тартты.

Жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар аясында квота бөліп, оларды қолдаудың жаңа жүйелі саясатын біздер қолдаймыз. Оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тарту, әлемдік деңгейдегі



университет кампустарын ашу қажеттілігінің туып отырғанын және оның маңыздылығын Жолдауда Елбасы жақсы айқындап берді. Мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамыту арқылы Ұлттық әлеуеттің артатынын нақты көрсетті.

Сонымен, бұл Жолдауда өзінің тарихын, тілін, мәдениетін, сондай-ақ заманына лайық,

шет тілдерін меңгерген озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандықтар біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс екенін Президент атап көрсетті.

Қуандық САПАРОВ,
*биология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан ҰҒА құрметті мүшесі*

ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ

Сегодня мир стоит перед новой глобальной реальностью. Задачи модернизации актуальны практически перед всеми странами. Время не останавливается, а значит, модернизация, как и сама история – продолжающийся процесс.

Как указывает Президент страны в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» - каждый казахстанец должен понимать, что образование – фундаментальный фактор успеха в будущем. В системе приоритетов молодежи образование должно стоять первым номером. Если в системе ценностей образованность станет главной, то нацию ждет успех.

Кафедра Дальнего Востока ведет преподавание корейского языка и корейской литературы с 1994 года и считает своей первоочередной задачей создание необходимых условий для формирования и развития личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики. Для реализации масштабных идей Лидера нации о воспитании конкурентоспособной личности, по инициативе заведующей кафедрой Н.Б. Ем осуществляется подготовка кадров по программе двойного диплома между университетом иностранных языков Хангук (HUFS, Республика Корея) и КазНУ им. аль-Фараби. В 2016 году вузы подписали меморандум о сотрудничестве и началась кропотливая работа над составлением совместной образовательной программы. Большое внимание и содействие в подготовке необходимых документов оказали проректор по учебной работе А.Хикметов, директор департамента по академическим вопросам Т.Мухитдинова, начальник управления методической работы и образовательных технологий Ж.Саксенбаева, руководитель службы методической работы Г.Жакупова.

С сентября 2017 года началась реализация двудипломной образовательной программы

по специальности «Иностранная филология». На первый курс по целевой программе успешно выдержали вступительные экзамены в магистратуру две выпускницы КазНУ Замира Усманова и Алина Анар. Сдана первая сессия, у них отличные результаты. После окончания первого курса они продолжают обучение в HUFS в г.Сеул. Магистранты при условии успешного



Инфографикаларды жасаған Амангелді ҚИЯС, «Егемен Қазақстан»

завершения обучения получают степень магистра гуманитарных наук КазНУ и диплом HUFS.

Ю.П. ТЕН,
к.ф.н., доцент кафедры Дальнего Востока

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – инновациялық әлеуеті бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарының көшбасшысына айналған интеллектуалды корпорация. Заманауи қоғамның барлық салаларын жаңғыртудың негізі университеттерде шоғырланған интеллектуалды капитал болып табылатыны әлемдік тәжірибеден белгілі. Демек, мемлекетіміздің білім беру саласы бойынша белгілеген міндеттері, бірінші кезекте, біздің университетімізге қатысты.

Білім берудегі жаңа технологиялар – АДАМИ КАПИТАЛ ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗІ

Елбасы Жолдауында алдымызға қойылған міндеттер қазіргі заманғы қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтиды. Онда Қазақстанды жаңғыртудың үш негізгі бағытындағы он

стандарттау жүйесін жаңа индустрияландыру қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу керек» — деп көрсетті Н.Ә.Назарбаев.

Мемлекет басшысы білім беру бағдарламаларын және осы бағдарламаларды құрастыру сапасын өзгертудің маңыздылығын атап көрсетеді, өйткені ол өз кезегінде білім беру сапасын және заманауи адами капитал қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Президент атап өткендей, «білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге және жаңа білімнің игерілуіне үнемі бейімделу қабілетін дамыту болуы тиіс». Демек, бұл бағыттағы келесі логикалық қадам – еліміздің жетекші оқу орындарына инновациялық білім беру бағдарламаларын құруда академиялық еркіндік беру болмақ.

Білім беру бағдарламалары бүгінгі күннің қажеттіліктеріне ғана емес, сонымен қатар жас адамның құзыреттілігін дамытуға бағытталуы тиіс. Ең бастысы – жаңа бағдарламалар «ұлттың әлеуетін дамытуға» бағытталып, мәдениет пен адам капиталын дамытуға әкелетіндігінде.

Жолдаудағы негізгі міндеттердің орындалуы—төртінші индустриалды революция жағдайында тарихи өрлеудің алдында тұрған ұлт – Қазақстан халқының бірлігін нығайтудың кепілі болмақ.

Ә.Н. БҰХАЕВ, Г.З. АБДРАСИЛОВА,
философия кафедрасының доценттері

27-28 марта в университете пройдет I Международная научно-практическая конференция по актуальным вопросам аутоиммунных заболеваний

На заметку поступающим

«Знание есть сила, сила есть знание»
Фрэнсис Бэкон

Знания в современном мире – это орудие, которое помогает продуктивно реализовать себя в обществе и развиваться как личность. Современное общество задает быстрый темп, надо быть осведомленным в различных сферах деятельности, свободно говорить на трех языках, уметь исследовать и решать различные задачи.

Окончив магистратуру в КазНУ по специальности «Психология», я решила продолжить обучение в докторантуре. Я не пожалела, что пришла к этому решению, сейчас я на учусь на втором курсе докторантуры и хочу поделиться своими впечатлениями учебы в КазНУ. Обучение ведется исключительно на английском языке, т.е. мы получаем возможность обсуждать, анализировать материал и изъясняться на английском языке, что является хорошей подготовкой для выхода на международную научную арену, такую как конференции и т.п.

Еще одно преимущество, это возможность пользоваться международной электронной научной базой EBSCO, где можно найти огромное количество научных статей, книг, видеоматериалов по интересующему вас вопросу. Сейчас, чтобы ознакомиться с зарубежными статьями и материалами, необходимо получить к ним доступ, т.е. оплатить определенную сумму, что является весьма затратным, так как таких статей и книг необходимо прочесть в большом количестве. Я с удовольствием пользуюсь данной базой и нет пределов генерации идей и направлений своего исследования.

Также хочется затронуть вопрос научного руководства, все докторанты должны проводить свое исследование под руководством отечественного и зарубежного научного руководителей. Данный фактор, по моему мнению, является гарантом продуктивного и качественного исследования и написания диссертации.

Почему? Начнем с того, что отечественная наука и зарубежная отличаются в своей методологии, точнее если взять нашу отечественную науку, то еще с советских времен она развивается, уделяя огромное значение методологии, на фундаменте которого строятся научные знания. Исследования строятся на основе системного подхода, охватывая широкий спектр явлений и их взаимосвязей, т.е. это как взгляд с самого последнего этажа, когда видна вся картина города, сама жизнь этого города и всех ее частиц.

Если взять зарубежную науку, то здесь фокус очень узкий, но достаточно глубокий, т.е. проблема изучается узко, но глубоко, вплоть до самой мелкой ее частицы, очень досконально.

Таким образом, работая с двумя руководителями, с одной стороны, ты как ученый стараешься настроить свой фокус более масштабно, стараясь получить более ясную со всех сторон картину изучаемого явления, но также раскрыть ее суть вплоть до самых мелких ее составляющих.

В целом, обучение в докторантуре мне очень нравится и университет поддерживает тебя как молодого ученого, предоставляя возможность исследовать, развивать себя как личность и как научного деятеля. Появляется возможность участия в различных конференциях, посещения лекций ведущих ученых со всего мира, публикации своих трудов в научных изданиях с известными отечественными деятелями науки.

Взращивая своих ученых, мы расширяем границы в сфере отечественной науки, обеспечивая тем самым благополучие всей страны.

Айдана РИЗУЛЛА,
докторант 2-го курса кафедры общей и прикладной психологии

Жалғасы. Басы 1-бетте




Мұның ішінде, әсіресе «руханият» ең маңыздысы. Рухани азық жинап, кітаппен дос болған жастарымыздың ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары, саналы, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз.

Кітап – тәрбие құралы. Жалпы, әлемдегі кез-келген халықты алып қарасақ та, ең алдымен, тәлім-тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді, болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азық сіңіруге тырысады. Өйткені тәлім-тәрбиенің, адамгершілік қасиеттердің адам өмірінде алар орны ерекше. Міне, осы орайда «100 кітап» жобасы аясында заң факультеті кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессор-оқытушылық құрамы факультет студенттеріне оқу жылының әр аптасында қазақ халқының сонау XV ғасырдағы Асан Қайғы, Қазтуған

деген болатын. Осыны ескерсек, болашақ ұрпақ тәрбиелеуде, алдымен, дұрыс бағыт-бағдар, ұлттық тәлім, өнегелі тәрбие беру ұстаз атаулының басты парызы болмақ. Білім алушы жастарды тәрбиелеуде халқымыздың рухани қазынасын қайта жаңғыртып, жаңаша көзқарас тұрғысынан қарап, «100 кітап» жобасының бастамасымен әр аптада оқылған шығармаларды талдау барысында оның мәні мен мазмұнының қоғам мен жастар үшін маңыздылығын ұғындыру – негізгі диттеген міндетіміз.

Көңілге қонымды ерекше атап өтерлігі, қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері – жастарға ізгі тәрбие берудің таптырмас құралы. Абай шығармаларындағы білім, ғылым, тәрбие мәселелерін ұлттық тәрбие

жасау – жалпы ұлттық бірлігіміздің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік байланысын қалыптастырудың, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық пен отаншылдықты, ұлттық сананы тәрбиелеудің ең басты факторларының бірі. Тарих – халықтың зердесі, ол содан сусындап, әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын күш-қуат алады. Сондықтан да Абай мұраларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер жас ұрпақ бойында адамгершілік, имандылық т.б. қасиеттерді қалыптастырып дамытуға, кадрлеуге, ұлттық мәдениетті дамытуға зор ықпал етеді. Сондықтан да ұлттық мәдениетіміздің дамуына зор үлесін қосқан ұлы дала ақыны, ағартушысы Абай Құнанбаевтың рухани мұрасын зерделеу ешуақытта маңыздылығын жоймайды.



жыраудан бастап, Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, өткен ғасырдың сом тұлғалары – Мұқағали Мақатаев, Сәбит Мұқанов, Әзілхан Нұршайықов, Фариза Оңғарсынова, Қадыр Мырза Әлі және т.б., сондай-ақ бүгінгі күннің ел мойындаған тұлғалары – Мұхтар Шаханов, Нұрлан Оразалин, Нұрсұлтан Назарбаевтың құнды шығармаларымен қайта қауыштырып, ақындар жырын жатқа айтқызып, әр шығарманың құндылығын дәріптеу арқылы білімпаз ұрпаққа рухани дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, жастарды адамгершілікке, Отанды сүйуге, еңбекке, ізгілікке баулып тәрбиелеуді өздерінің негізгі парызы санайды.

Кезінде атакты ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы»

тұрғысынан қарастырып, оларды бүгінгі күнде жастардың адами қасиеттерін қалыптастырудың кәдесіне жаратуымыз тиіс. Өйткені, ақынның қазыналы ғазиз жырлары оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Мұның барлығы, әрине, адамзатты адамгершілікке жетелеу мақсатында еді.

Абай өлеңдері мен қара сөздерінің кім үшін болса да, тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары болып келеді. Ең алдымен, ақын өз халқына өлеңдері, қара сөздері арқылы ұдайы ой салады, күллі оқырманның көкірегін оятап, оны жаман қылықтардан сақтандырады, мәдениетті болуға, прогреске шақырады.

Өткен тарихымыздың шынайы бейнесін

Абай құндылығын, Абай мұрасын қайта жаңғыртып оқу арқылы ұрпақтан келесі ұрпаққа саз қалпында жеткізу біздің қолымызда. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деген екен жазушы Ғабит Мүсірепов. Олай болса, қазіргі және болашақ ұрпақ бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алатындығын ұмытпайық. Мағжан Жұмабаев атамыз жырға қосқандай, «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты», біліммен қаруланған жастарымызбен Мәңгілік еліміздің болашағы жарқын болары айқын.

Д.С. СМАҒҰЛОВА,

кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы

МАРЬЯМ СЕЙДАЛИНА – КОРРЕКТОР И КОРРЕСПОНДЕНТ «АЙҚАП»

В жанре журналистского расследования, на базе письменных исторических источников, редких фотографий начала прошлого века, мы реконструировали малоизвестную страницу истории национальной периодической печати. Журнал «Айқап» (1911-1915) интегрировал духовную и интеллектуальную деятельность первых казахских женщин-корреспондентов. Одна из них, Марьям Сейдалина, по некоторым данным, выполняла обязанности корректора журнала. Ее лирические стихотворения и другие, на гражданскую тематику, опубликованы в «Айқапе». Семья Сейдалиных разделила судьбу многих жертв политических репрессий. Образованные женщины-мусульманки из числа казашек использовали возможность учиться, разделяли прогрессивные взгляды братьев и отцов, и внесли посильный вклад в народное образование и культуру.

Заинтересовавшись фото Марьям Сейдалиной в молодости (фото 1), мы приступили к поискам источников о судьбе и творчестве этой симпатичной девушки. На фото она выглядит эмансипированной, в нарядном европейском длинном платье, с веером в руках.

Кто она, каково ее происхождение? Каким образом ее талант и образованность привели ее в журналистику и издательское дело? Сочинять стихи и придумывать рифмы может, пожалуй, каждый, а вот чтобы служить в редакции первого казахского периодического издания в г. Троицк?!

Конечно же, в первую очередь мы обратили внимание на фамилию, Сейдалина. Точнее, Сейдалинова – так она подписывала свои публикации. Годы ее рождения и смерти неизвестны. В «Айқапе» были опубликованы ее стихи: «Зарлау», «Көздер», «Тұр, казак!».

У исследователя из Уфы Ф.Ф.Янышева находим фразу: «Жансолтан Шыуакович Сейдалин. В 1883 г. он окончил юридический факультет Казанского университета с дипломом магистра и в тот же год был награжден орденом Станислава III степени за переводческую деятельность в суде. Был единомышленником

Акмуллы. Об этом свидетельствуют его статьи, опубликованные в журналах «Казак», «Айқап». Дочь Жансолтана, Марьям была певицей-импровизатором. Говорят, что эта красавица соревновалась в пении улян (казахская песня) с Шайхзадой Бабичем**». Это уточнение дает основание полагать, что М.Сейдалина свободно говорила и на башкирском языке.

Про–блему женского равноправия, эмансипации казахских женщин, охраны детства и материнства поднимали на страницах журнала женщины-казашки: Сақыпжамал Тлеубайкызы, Марьям Сейдалина, Кудайым Утегенкызы, Назипа Кульжанова.

У российского исследователя Алекторова встречается Ж.Ш.Сейдалин, который опубликовал в «Тургайской газете» в 1897 и 1898 годах заметки: «Зулейха», «Загадки Ходжа-Ахмета», «Происхождение кукушки» (казахская сказка). Изучив справочные материалы, мы можем склоняться к версии, что Ж.Ш.Сейдалин, писавший заметки в «Тургайскую газету», – это Жансултан Шыуакович, личность известная в Тургае, Костанае и Троицке в конце 19 – начале 20 вв.

Марьям – его дочь от третьей жены. От матери ей передался дар импровизации, стихосложения и красота, а отец поощрял гуманитарное развитие дочери и не препятствовал ее участию в песенных состязаниях. Что касается тематики стихов Марьям, то об этом можно догадаться по названиям. К примеру, «Тұр, казак!» создано под впечатлением от стихотворения М.Дулатова «Оян, казак!». Тема пробуждения родного народа, побуждения к учебе и развитию, в тот период была наиболее острой в печати.

Стихотворение «Көздер» М.Сейдалиной относится к лирике, оно о чувствах девушки. Другое стихотворение «Зарлау» – о судьбах казахской женщины. Название «Зарлау» было популярно в тот период: так назвал свое стихотворение «Зарлауым» Султан-Махмуд Торайгыров, работавший в редакции «Айқап» секретарем. Тема «зарлау» (оплакивания мытарств) встречается у Магжана Жумабаева,

который также на себе испытал участь шакирда. Перекличка тематики стихотворений указанного периода заставляет предположить, что Миржакып Дулатов или Мухамеджан Сералин (издатель-редактор журнала «Айқап») могли объявить литературное состязание, кто лучше опишет социальную тему. Лучшие стихи публиковались на страницах «Айқапа», их читали, учили наизусть, писали отклики и т.д.

Марьям Сейдалинова предположительно могла быть выпускницей одного из мусульманских училищ для девочек (светские учебные заведения для инородцев в России были запрещены). Она знала основы наук, грамотно писала, читала. Окончила Марьям школу в Иргизе, Кустанае или иную, пока установить не удастся, училась ли она в мусульманской частной женской прогимназии «Суюмбике», женском медресе Яушевых, или в другой татарской девичьей школе?

К какой судьбе готовили ее родители? Материально она не нуждалась, могла составить достойную партию выходцу из среды чингизидов-казахов. М.Сералин, знавший ее семью, привлек Марьям к вычитке текстов и писем от корреспондентов.

Она была светским человеком, т.е. к деятельности в роли муллы не была склонна. Между тем, в дореволюционных источниках мы обнаружили любопытную статистику. Оказывается, до революции существовал социальный институт казахских мулл-женщин: в Омском уезде их было 4.

Изучив фотографии начала 20 века, на которых изображены выпускники Троицкой гимназии, мы выяснили, что у Марьям Сейдалиной были братья Аббас, Сафарбек (Сапар). Из публикаций становится известно, что еще была сестра Ажар. Сейдалина Ажар Жансултановна преподавала в русском классе при 1-м женском Кустанайском мектебе. Были ли они все родными по матери (учитывая, что у Жансултана Сейдалина было три жены как минимум), точно не известно, но все они были детьми Жансултана Сейдалина (1856-1919), известного в крае чингизида-юриста.

Что касается другого активного корреспондента журнала «Айқап», Жиганшаха Сейдалина (Жиханша. – Г.М.) (1877-1923), то он не был родным братом Марьям. Его отец, султан Сейдалин Альмухамед – статский советник, судья, приходился братом Тлеу-Мухамеду Сейдалину.

Потомки ханов Айшуака и Бокея приобщились к европейской (русской) культуре и светскому образованию. Объективно оценивая преимущества достижений Европы, они хлопотали об открытии учебных заведений, в том числе для девочек, приняли посильное участие в открытии в 1911 году периодических изданий на казахском языке. Это удалось им, то было большое достижение, умение отстоять национальные интересы, что положительно характеризует казахскую аристократию начала 20 века.

Регрессивные царские вердикты в те годы реакции, закрытие высшего женского образования сводили на нет достижения предыдущего этапа. К сожалению, под эти ограничения попали и такие образованные девушки, как Марьям Сейдалина. Они не



смогли продолжить учебу в высших учебных заведениях. Тогда как ее брат Аббас Сейдалин, окончив Троицкую гимназию, по стопам отца, Жансултана Сейдалина, поступил в Санкт-Петербургский университет.

Таким образом, благодаря искусству фотографии начала 20 века, удалось идентифицировать тех, кто принимал активное участие в продвижении первых периодических национальных изданий, и журнала «Айқап», в частности, Чингизиды заметны в публикаторской деятельности: их заметки увидели свет на страницах газет «Тургайская газета», «Казакстан», «Казак», журнала «Айқап». Фамилия Сейдалиных встречается довольно часто в дореволюционной периодике. Сейдалина Марьям приобщилась к журналистской деятельности, писала стихи на острые социальные темы. К сожалению, аристократическое происхождение стало поводом к репрессиям в советский период. Многие Сейдалины оказались жертвами преследований и были физически уничтожены. Остались их заметки, в которых поднимались вопросы просвещения народа, призывы реализовать свои возможности.

Примеч.

* Шайхзада Бабич – башкирский поэт

Гюльнар МУКАНОВА,
канд.ист.наук, доцент

Зачем нужна ПЕДАГОГИКА на магистратуре?

К педагогическому делу надо призывать, как к делу морскому, медицинскому или тому подобным, не тех, которые стремятся только обеспечить свою жизнь, а тех, которые чувствуют к этому делу и к науке сознательное призвание и предчувствуют в нем свое удовлетворение, понимая общую народную потребность. Такие люди есть, потому что дело педагогов высоко по существу и интересно по подробностям.

Дмитрий МЕНДЕЛЕЕВ

На протяжении всей истории своего развития общество искало способы воспитания детей. Этот фундаментальный вопрос требует к себе особого внимания и подхода. В частности, он актуален в свете особенностей казахстанского многокультурного населения и быстрых темпов технологического развития, поэтому роль современной педагогики невозможно переоценить.

Магистранты изучают области педагогики способы эффективного обучения жизненным навыкам, таким как социальные и культурные нормы. Более того, современные подходы включают необходимость помогать студентам проводить научные исследования, проявлять креативный подход к любому заданию, осознавать всю ответственность проделываемой работы. Педагогика на магистратуре призвана быть средством создания потенциала, который предлагает широкий спектр опыта и идей в области подготовки преподавателей и образовательных систем.

Мы провели опрос среди магистрантов КазНУ об их отношении к роли педагогики на данной ступени обучения. Все опрошенные высказались положительно о полученных теоретических знаниях, практических умениях и навыках. Многие отметили, что обратная связь для магистранта особенно важна, так как она даёт возможность контролировать процесс обучения и при необходимости регулировать его.

Около 80% опрошенных отметили необходимость изучения дисциплины «Педагогика» на магистратуре, так как их специальность является педагогической. Полученные теоретические знания, как они отмечают, непременно пригодятся им в процессе практики.



60% магистрантов утверждают, что они освоили основные методы преподавания и поближе познакомились с особенностями системы казахстанского образования после присоединения к Болонскому процессу. Подобная осведомлённость о системе образования положительно сказывается на современных тенденциях развития казахстанской педагогики.

20% опрошенных сообщили, что курс «Педагогика» способствовал их личностному росту, сподвигна более детальное изучение некоторых тем.

30% выразили личную заинтересованность в данном предмете, в особенностях


взаимоотношений между участниками целостного педагогического процесса.

Магистранты выразили уверенность в том, что каждый преподаватель должен действовать в соответствии с поставленными целями, но при этом уметь подстраиваться под возникшие обстоятельства.

Подводя итог, стоит отметить, что курс педагогической дисциплины — фундамент и обязательное условие для будущих специалистов, которые планируют связать своё будущее с преподавательской деятельностью.

**А.С. МАГАУОВА,
М. КАЛИЕВА**

Интерактивті оқыту – заман талабы



Қазіргі уақытта жоғары кәсіби білім беруді дамыту бағыты білім беру үдерісінде оқу-әдістемелік амалдарды қайта қарастыруды қажет етеді. Оқу үдерісінде қолданылатын интерактивті оқыту амалдары кәсіби бағытына байланысты аудиторлық сабақтардың біршама бөлігін құрауы қажет. Қазіргі заман талаптарына сәйкес, заманауи білім беріп отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде интерактивті оқыту әдісін енгізу – студенттерді мамандығына байланысты кәсіби даярлауда, жан-жақтылы білім алып шыққан түлектің еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болуы үшін маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

танымдық үдеріс барысында студенттің шеттен тыс қалып, қатыспай қалуы мүлдем мүмкін емес. Мұнда әрбір студенттің өзіне тән атқаратын рөлі болады, сонымен бірге танымдық тапсырмаларды топ алдында орындау сапасы оның білімі мен өзін көрсете алу ерекшеліктеріне байланысты болады.

Білім беру үрдісінде инновациялық оқыту әдістерінің пайда болуы барлық жағдайда тәжірибенің қажеттілігімен қамтамасыз етілген, осыған байланысты университетімізде жаңадан қанатын жайып келе жатқан медицина факультетінде студенттерге білім беру барысында медициналық тұрғыдан білім беру мақсатын қайта бағыттау — медицина саласында білім алып отырған жоғары оқу орындарында білім беру стратегияларына өзгеріс ала келді, қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында оқыту стратегиясының орнына даму стратегиясы келді. Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығының студенттерін кәсіби маман тұрғысында даярлау және оның жеке тұлға ретінде қалыптастыру сапасына қойылатын талаптар үнемі күшейтіліп отырады. Медициналық факультет оқытушылары студенттерді нақты пәнді менгерумен қатар, болашақта оқуды жалғастыруға қызығушылық танытуларын дамытып, белсенділігін арттырып отыру керек. Ал ол үшін оқу үрдісінің өзі қызықты болуы шарт.

Инновациялық білім беру стратегиясы оқытушылар мен студенттердің рөлдік бағыттарының өзгергендігін көрсетеді. Осыған байланысты, сабақты жүргізу барысында оқытушы жетекші, басқарушы болып қала бергенімен, оқу іс-әрекетінде дәстүрлі акпараттық бақылау түрінен бас тартып, керісінше әрбір студенттің оқу жұмысын тиімді ұйымдастыру есебінен студенттердің танымдық қызығушылықтары мен ұмтылысын арттырады.

Инновациялық оқыту жүйесінде басқа әдістермен салыстырғанда интерактивті оқыту амалдары студенттердің тек оқытушымен бірге жұмыс жасауына ғана емес, сонымен бірге, студенттердің өз арасында бір-бірімен кең ауқымды қарым-қатынас жасауына бағытталған. Оқытушының белсенділігі студенттің белсенділігіне жол береді, ал оқытушының міндеті студенттің ойын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды туғызу болып табылады.

Ол жалпы бағытты анықтай отырып, жалпы ұйымдастыру жұмыстарымен айналысып, оқу-тәрбиелік үрдісті реттейді, сондай ақ, белгіленген жұмыс жоспарының уақыты мен оның орындалуын бақылай отырып, тақырып материалдарына сәйкес кеңес береді, күрделі сөздіктерге түсіндірме береді. Белсенді оқыту кезінде оқу сұрақтары мен материалдарын менгерудің әртүрлі (жеке тұлғалық, топтық, ұжымдық) түрлеріне ықпал ететін білім беру үрдісінің ұйымдастыру бөлігі жүзеге асырылады. Мәселені шешу барысында студент пен оқытушы арасындағы белсенді қарым-қатынас орын алып, зерттелініп отырған тақырыптың мазмұнын дұрыс түсіну және тәжірибеде қолдану тәсілдері бойынша өзара пікір алмастырады.

Қорытындылай келе, интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқыту студенттердің белсенділігін жоғарылатады, оқу эмоционалды жағынан қаныққан, өнімді жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Оның ерекшелігі медициналық факультетте мұндай оқыту жүйесін енгізу тек студенттердің креативтік сапасының дамуына ғана емес, сонымен бірге, оқытушылардың да жан-жақты дамуына ықпал етеді. Студенттерді оқытудың сапасын, тиімділігін арттыру әртүрлі тақырып және жағдай бойынша оқыту әдісін дұрыс тандай білу және қолданумен тікелей

байланысты болып табылады, сонымен қатар, оқу үрдісінің барысында субъект-субъектілік қатынасты қамтамасыз етумен байланысты. Студенттерді оқытудың қазіргі шарттары инновацияларды, жаңалық және жаңа кіріспені енгізу қажеттілігімен ерекшеленеді. Берілген оқыту әдістері студенттерде тез ойлау қабілеттерін дамытады, шығармашылық және инновациялық жұмыс тәжірибесін қалыптастырады, құзіреттіліктерін жетілдіреді, озық жұмыс істеуге үйретеді, тек қатысушыны ғана емес, сонымен бірге, оқытушыны да жан-жақты ізденіп, дамуға жігерлендіреді.

Осыған байланысты университетте студентті кәсіби тұрғыдан еңбек нарығында сұранысқа ие болатын маман етіп тәрбиелеу барысында интерактивті оқыту амалдарының тигізер пайдасы мол болып табылады және оқытушының тарапынан қолданылатын белсенді интерактивті әдістерді қолдану оқыту жүйесін қызықты әрі сапалы етеді.

М.Т. АДИЛОВА,
*эпидемиология және гигиена
кафедрасының аға оқытушысы*





Адам баласы фәни дүниеге келген сәттен қажеттіліктер туындайды. Өмір сүруге деген талпыныс пайда болып, бақытқа қол жеткізуді қалайды. Бақыт дегеніміз не өзі? Өмір дегенді қалай түсінеміз? Осы сауалдарды біліп, сараптаған адам бар ма?

«Өмір жайлы сұрай берме сен менен, Өмірді әлі өзім де зерттеп көрмегем», — дейді ақиық акын М.Мақатаев. Өмір жайында жіліктеп сөз қозғауға менің дәрменім де, ақыл-санам да жетпейді. Бұл тақырыпқа келгенде сөзім — саяз, қиялым — қайыршы. Асылы, ұлылар қалдырған өсиеттерден «өмір» дегеннің не екендігін, «өмір үшін күрестін» қандай болатынын іздеп көргім келді. Ақыр соңында өз ойымды тиянақтап, түйінін қоя жатармын. Хәкім Абай қалдырған өсиеттер мен қара сөздерді тілге тиек етпекшімін. Абай қалдырған сөздердің ішінен өмірлік күреске жататын нақылдарды тізбектедім.

Көптің бәрі осындай мисал етсен, Көп айтты деп алданып уағда күтсен. Ғәпіл боп көп нәрседен бос қаласың, Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең, — дейді Абай атамыз. Бірінші кезекте, біз көп сөзінен аулақ болуға, өсек-әңгімеге ілікпеуге тырысамыз. Демек, елге жалпақтаған күйі өзімізге тиіп кетер сөзбен күресеміз. Ғұламаның төртінші қара сөзінде «Қулық

АДАМ БАЛАСЫ Өмір бойы немен күреседі?

саумақ, тіленіп адам саумақ — өнерсіз иттің ісі» делінген. Міне, келесі күрес — мал үшін, дүние үшін күрес. Бұл тұрғыда адам баласы жанын беруге даяр екені мәлім ғой. «Мал қайғысы — жан қайғысы». Арам жолмен болсын, адал жолмен болсын дүние тапқанына мәз. Қара бастың қамы үшін қандай да болсын қалқанды бұзып өтуге әзір. Бұл күрестің шешімін ғаклияның соңы айтып-ақ тұр. «Әуел Құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды».

Тағысы, адамның өзіне-өзін жау тұтқан «өзімен» күресі. Ойламайын десе, ойлайды, істемейін десе, істейді. Адам өз ой-санасының қолшоқпары болып қалған. Сол себепті, жасаған жұмысы, өмірлік тұрмысы «өзініңкіндей» болмайды. Басқа біреу басқарып отырғандай. «Мен өзім тірі болсам да анық тірі емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, әлде өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен себептен бе, білмеймін. Сыртым сау болса да ішім өліп қалыпты. Ашулансам ызалана алмаймын. Күлсем қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі». Бұл сөздер «көппен» күреске саятындай. Алайда, мен ойшылдың өз ішіндегі оймен арпалысканы деп ұқтым.

Тағы бірі, адамның атаққа деген сүйіспеншіліктен туындайтын күресі. «Кербездің екі түрлі қылығы болады. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардың ішін күйдіріп, өзінен кейінгіге «әттең, дүниес-ай» дейтуғын болмаққа ойланбақ». «Мақтан» үшін күресті де осы тұста жазайын. Себебі, екі күрес тумалас. Жырма үшінші қара сөз былай дейді. «Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым» деген сөз болса жарар, алдында неше ат бар деп сұрар, артында қалған ат нешеу деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?...». Қит еткен қылыптадан қалмайтын, қолымен тас көтерсе де мақтанып қалатындар жайлы бұл. «Аттан қалма байталым, жыннан қалма шайтаным»...

Сонымен қатар, ар-намысты да шетке

ысырып қоюға болмайды. « Ұят» атты ұлы ұғым үшін де күресеміз. «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішінен өз мойнына салып, сөгіп қылған қысымыңның аты».

Екі тізгін бір шылбырды ұстап алып, тізе берсен, тағы бірнешеуі шығардай. Бірақ, осымен доғарайын.

Өмір үшін күрестің бірнешеуін қоғамда айна қатесіз көріп жүрміз. Жоғарыдағы күрестерді түйіндей келе мынадай қорытынды шығарып отырмын. Адам «өз бақыты» үшін күреседі. Ал мына күрестер сол бақыт үшін қажеттіліктен туындаған. Бақытты әр адам әрқалай түсінеді және әрқалай қол жеткізгісі келеді.

Күлімдеп атқан әр таң бақытқа толы. Демек, адам баласы әр күні күреседі, ақ желкенін жыққысы келмейді. «Жамандықты кім көрмейді. Үмітін үзбек —қайратсыздық. Дүиеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсін! Қары қалын қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ма еді!». Осы тәмсілден бар сұраққа жауап табуға болады. Артық сөзге қалсан да, мал-дүние жыйсаң да, өзінді тізгіндей алмасаң, атак-мақтанға белшеннен батсаң да, ар-намысыңды қалқалай білсең де бәрі бітеді. Бақытқа енді жеттім дегенде, өзіннен-өзін келесі ойды туындатып аласың. Және бақытына қол сермейсің, орыңдалды делік, келесіде жолың болмай, қайта бақыт іздей бастайсың. Сонымен, басында қойылған сұраққа жауап — бақытта баян жоқ. Өмір дегеннің өзі бақытқа жету жолындағы талас-тартыс, біз айтып отырған әлгі «күресіміз».

«Құдай тәбәрақа уатағаланың барлығының үлкен дәлелі неше мың жылдан бері әркім әр түрлі сөйлесе де бәрі де бір үлкен Құдай бар деп келгендігі», — дейді дана Абай атамыз. Бұдан келіп шығатыны, қанша күрессен де, немен күрессен де Алланың айтқаны болмай қоймайды. Бір Алладан күдер үзбей, бақыттың баянын емес, қайырлысын күткеніміз дұрыс болар.

Альфия АДАМБЕК,
журналистика факультетінің 1-курс студенті

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА – ҒҰСМАН ҚЫРҒЫЗБАЕВ!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті Ғұсман Қырғызбаев Марокканың Агадир қаласында өткен халықаралық дзюдо жарысында Гран-при басты жүлдесін қанжығасына байлады.



Жарыстың финалында 60 келі салмақ бойынша Ғ.Қырғызбаев түріктің мықты дзюдо спортшысы болып саналатын Бекир Озлумен күш сынасты. Айта кетерлігі, өткен жылы бұл екі спортшы Түркияда өткен халықаралық Grand Prix турнирінде кездесіп күрескен болатын, қорытындысында Ғ. Қырғызбаев жеңіс тұғырынан көрініп, алтыннан алқа татқан.

Осы жолы да Ғұсман Қырғызбаев қарсыласына дес бермей, «голдн скор» жекпе-жегінде өзінің ептілігі мен шеберлігін көрсетіп, Гран-при медаліне қол жеткізді. Дзюдоның Гран-при жүлдесі Қазақстан үшін алғашқы медаль болып отыр. Жарысқа 38 елден келген 241 спортшы қатысты.

ҚазҰУ студенті Ғұсман Қырғызбаевты және оның бапкері Файзулла Койшымановты халықаралық спорттағы кезекті жеңістерімен құттықтаймыз!

Баспасөз қызметі

Өнерлі топ

Экономика және бизнес жоғары мектебінде білім алып жатқан «Есеп және аудит» мамандығының 2-курс 16К1 тобы «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы ұйымдастыруымен өткен «Ең үздік студенттік топ– 2018» сайысында ІІ жүлделі орынды иеленді.



16 студенттен құралған топ мүшелерінің әрқайсысының сабаққа деген ынта-жігері жоғары. Топ басшысы: Эльвира Тұрғанбек. Студенттердің жауапкершілігі жоғары, бір-бірімен достық қарым-қатынаста, берген тапсырманы уақытылы орындап, топтың алдына қойылған міндеттерді атқарып келеді. Университетіміздегі іс-шараларға, соның ішінде, атап кетсек, «Айналанды нұрландыр», «Green kampus», «100 кітап», «Дені саудың жаны сау» жобаларына және факультетаралық ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласады. Аталған сайыс шарттарын да тынғылықты орындап, электронды нұсқада ақпарат жіберген болатын. Нәтижесінде талапты жастардан құралған топ жеңімпаз атанды.

Б.С. КІШБАЕВА,
топ кураторы

Қазақ фотоэнциклопедиясының тұсауы кесілді

Журналистика факультетінде «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Қазақ фотошежірешілері: тарих, дерек, өнер» атты фотоэнциклопедияның тұсаукесері өтті. Тың туынды қоғам санасын фото арқылы мемлекеттік мүддеге, ұлттық мұратқа, эстетикалық талаптарға жұмылдыра білген қайраткерлердің шығармашылығын және ұлттық фотоөнер тарихын жан-жақты баяндайды.

Кітапты жарыққа шығаруға ат салысқан ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов фотоэнциклопедияның алғы сөзінде: «Бүгінгі технологиялық-өнеркәсіптік төңкерістер заманында фотоөнердің де өз даму биігі бар. Сол биікті меңгеруге аталмыш оқу құралы өз септігін тигізетініне сенім мол», — деп жазады.

Шарада журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы: «Көрінгеннің бәрін түсіре беру фотоөнерге жатпайды. Фотоаппараттың көзімен ұлтқа қажет, ұрпаққа қажет, тарихқа қажет дүниелерді түсіріп, тарихқа танбалау — шындығында шеберлердің шеберлерінің ісі. Осындай үлкен істі бір кездері біздің университеттің журналистика факультеті жанынан құрылған «Фотопублицистер» клубы қолға алған еді. Ол кейіннен «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігіне айналды. Оның басында жүрген Асылхан Әбдірайымұлы ұстаздарыңыз. Осыған дейін де қазақ фотөнеріне қатысты еңбек шыққан. Бүгін екінші шығарылымы бұрынғыға кірмеген 21 фотографтың еңбегімен толықты. Бұл кітаптың ішінде Қазақстан тарихына деген ең таңдаулы, ең әсерлі, ең ықпалды, санаға да, сезімге де әсер ететін бейнелер түсірілген. Бүгінгі шарада кешегі қазақ фотоөнерінің абыздары Нұрманбет Кізатулынан бастап, бүгінгі ең жасы Досжан Балабекұлына дейін қатысып отыр», — деп қазақ фотоөнерінің кешегісі мен бүгініне тоқталды.



Журналистика факультеті деканы Сағатбек Медеубекұлының алғы сөзінен кейін хронодокументалист, фотожурналист Мұрат Мәмбетов, филология ғылымдарының докторы, профессор Көкен Қамзин және «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, фотожурналист Асылхан Әбдірайымдар кітаптың тұсауын кесті.

Шарада ардагер ұстаздар Көкен Қамзин, Қожаберген Ахметов, «Қазақ университеті» баспасының қызметкері Сәуле Серікбаева, факультет оқытушылары Қосылған Әбжанов, Аманқос Мектептегі, журналист әрі жас фотожурналист Досжан Балабекұлы қазақ фотоөнеріне тоқталып, оның майталмандарына алғыс білдірді.

Фотоэнциклопедияның құрастырушы-авторы Асылхан Әбдірайымұлы: «Ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсыновтың фотография өнерімен айналысқандығын бүгінгілер біле де бермеуі мүмкін. Қазақ фотоөнері тарихы үшін Мұхаметжан Тынышпаевтың ұлы Ескендірдің фотографиямен айналысуына себеп болғандығы да тың дерек. Демек, Алаш зиялыларының да заманауи технологиялық жаңалыққа інкәр көңілмен қарап, ұлт ұрпақтарының да бұл өнерді игергендігін мұрат

еткендігі — алаштанушылар үшін көңіл аударарлық ақиқат», — дейді.

Зиялы қауымның да Ахаң бастаған дәстүрді жалғастырғанын білеміз. Мысалы, халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов түсірген фотолар негізінен өз заманының тарихи тұлғаларын бейнелейді. Әзілхан аға Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділдә Тәжібаев, Әлкей Марғұлан, Әди Шәріпов, Шыңғыс Айтматов, Роза Бағланова, Олжас Сүлейменов тұлғаларын өмірдің қайталанбас сәттерінде түсірген. Фотолардан сол заманның тыныс-тіршілігін анық аңғарасыз. Бұл мұралар сонысымен құнды.

Әр фотодан ұлт тарихына қатысты айғақтарды көреміз. Мемлекетіміздің даму үдерісінен дерек табамыз. Қоғамдық өмірдің сан саласынан түсірілген фоторепортаждар ақпараттық сипатымен тартымды. Мәңгілік ел мекені —Ұлы даламыздың сұлу табиғатынан түсірілген этюдтер эстетикалық ләззат сыйлайды.

Асылхан ӘБДІРАЙЫМ,
баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының аға оқытушысы

В университете состоялась презентация книги известного фотографа Асылхана Абдраима «Казакские фотолетописцы: история, хроника, искусство»

Әрі де сіздер үшін!



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел: 8 (727) 273-12-04

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3046

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.